

№1 тексеру жұмысы

1. Иса әрдайым Әкесінің еркін орындады. _____
2. Жақия Иордан өзенінің жанында тұрып, күнәкарларды шомылдыру рәсімінен өткізді. _____
3. Әзәзіл шайтан Исаны Құдайға қарсы күнә жасауға мәжбүрледі. _____
4. Иса ақиқатты білгісі келген төрт адамды Өзіне еріп шәкірті болуға шақырды. _____
5. Иса Шимон Петірдің енесін сауықтырды. _____
6. Құдай барлық адамдарды сүйеді. _____
7. Егер күнәкар күнәлары кешірілмей өліп кетсе де, ол кейінірек құтқарыла алады. _____
8. Көгершін бейнесіндегі Киелі Рух Исаның үстіне қонды. _____
9. Иса алапеспен ауырған адамды сауықтырғысы келді және солай істей алды. _____
10. Иса бізді күнәдан құтқара алады. _____

№2 тексеру жұмысы

1. Төрт адам бір сал болып ауырған адамның Исаның қасына жетуіне көмектесті. _____
2. Кез келген ұлы Ұстаз күнәларды кешіре алады. _____
3. Дін мұғалімдері Иса жайлы жаман өсек таратып, Ол күнәкарлармен бірге дастарқандас болады деді. _____
4. Парызшылдар діни демалыс күні кез келген жұмысты істеу күнә деп есептеді. _____
5. Құдай біздің күнәларымызды кешіреді, өйткені біз діни демалыс күндерін сақтап, Оның барлық заңдарын ұстанамыз. _____
6. Яһудилердің Өзіне сенім артпағанына Иса ашуланып, қайғырды. _____
7. Иса он екі адамды таңдап алып, оларды уағыз айтуға жіберді. _____
8. Адам бейнесінде көктен келген Исаның жер бетіндегі күнәларды кешіру билігі бар. _____
9. Адамдардың барлығы да күнәларына кешірім алады. _____
10. Егер адам Құдайдың еркін орындайтын болса, Иса сол адамды бауырым деп атайды. _____

№3 тексеру жұмысы

1. Адамдар тек тәндік саулыққа ғана мұқтаж емес еді. _____
2. Иса қайықта отырып, өзен жағасында тұрған халыққа шынайы білімді үйретті. _____
3. Дәндердің кейбіреулері жол бойына түсті, бірақ күннің аптап ыстығынан олар қурап қалды. _____
4. Тікен арасына себілген дәндер әзәзіл шайтан ұрлап әкеткен Мәсіх жайлы Ізгі хабарды еске түсіреді. _____
5. Құнарлы топыраққа түскен жақсы дәндердің бәрі жүз еседен өнім берді. _____
6. Жақсы дәндер — Құдайдың Сөзі. _____
7. Байысам құмарлық пен тілек Құдайдың Сөзіне сенуімізге кедергі болады. _____
8. Құдайдың Патшалығы қыша дәніне ұқсайды. _____
9. Иса тіпті жел мен толқындарды Өзіне бағындырды. _____
10. Егер сізде сенім бар болса, онда сіз қорықпайсыз. _____

№4 тексеру жұмысы

1. Иеміз Иса өлген қызды қайта тірілтті. _____
2. Жын соққан адам қабірге арналған үнгірлерде тұрды. _____
3. Әрбір ұлы Ұстаз адамды әзәзілдің билігінен құтқара алады. _____
4. Жындар шошқаларға еніп, олар теңізге қарғып қырылды. _____
5. Халық Исадан өз елдерінде қалуын өтінді. _____
6. Иса сауығу үшін біреудің Өзінің киіміне жанасқанын білді. _____
7. Ұзақ жылдар бойы қан кетіп қиналып жүрген әйел Исаның киіміне қолын тигізіп, сол мезгілде-ақ сауығып кетті. _____
8. Петір, Жақып және Жохан Исаның Жайырдың қызын өлімнен қайта тірілткенін көрді. _____
9. Жер бетіндегі кейбір адамдардың көкте — Құдай Патшалығында өмірлері бар. _____
10. Өзінің рухани Ұлы Исаға сенім артқандарға Құдай жаңа өмір сыйлайды. _____

№5 тексеру жұмысы

1. Исаны Ағаш ұстасы деп атады. _____
2. Иса он екі шәкіртін екі-екіден адамдарға тәубеге келу жайлы жариялауға жіберді. _____
3. Құдай Исаны өзінің Құтқарушысы деп қабылдағандарды ғана сүйеді. _____
4. Ирод патша Жақияның басын шаптырды. _____
5. Иса шәкірттерімен оңаша бір жерге барып демалып, Құдайға мінажат етіп сиынғысы келді, бірақ халық оларға еріп жүрді. _____
6. Исаның шамамен бес мыңдай адамды бес күлше нан, екі балықпен тойндыруы. _____
7. Құдай біздің тәніміз бен жанымызға азық сыйлайды. _____
8. Иса — «Өмірдің Наны». _____
9. Иса судың бетімен жаяу жүріп, жел мен теңізді тыншытты. _____
10. Иса бізді күнәдан құтқарып, күн сайын аман сақтай алады. _____

№6 тексеру жұмысы

1. Ата-бабалардың өсиеттерін орындағаннан гөрі Құдайға мойынсұну маңыздырақ. _____
2. Мұса адамдарға «Ата-анаңды сыйла!» деді. _____
3. Сөздеріміз бен істеріміз бізді Құдайдың көз алдында арамдайды. _____
4. Иса шетелдік әйелдің қызын сауықтырды. _____
5. Иса құлағы естімейтін саңырау, тілі мүкіс адамды сауықтырғанда халық Исаның бұйырғандарындай істей бастады. _____
6. Иса шәкірттеріне төрт мың адамға қажетті нан сатып алуға ақша берді. _____
7. Парызшылдар бір белгі көрсетуді талап еткенде Иса аспаннан от түсірді. _____
8. Құдай туралы өткен замандарда айтылғандардың бәрі де шынайы. _____
9. Бетсайдада Иса көзі соқыр зағип адамды сауықтырды. _____
10. Исаны білетіндер: «Ол істеген әр нәрсе де керемет жақсы!» деп мәлімдейді. _____

№7 тексеру жұмысы

1. Кейбір адамдар Исаны Жақып пайғамбар деді. _____
2. Өздерінің күнәлары үшін Исаның өлетінін шәкірттері басынан-ақ білді. _____
3. Осы сабақта Өзінің өліп қайта тірілетіні жайлы Иса екі рет айтқан делінген. _____
4. Адам тіпті байлықтың жолында өз жанын жоғалтса да, баю соған тұрарлық нәрсе. _____
5. Петір, Жақып және Жохан тауда Исамен, Мұса және Ілияс пайғамбарлармен бірге болды. _____
6. Осы әлем жаратылмас бұрын да Құдайдың рухани Ұлы Әкесімен бірге болып келген еді. _____
7. Көптеген адамдардың өмірінен Исаның өмірі әлдеқайда құндырақ болатын. _____
8. Өзі еш күнәсіз болғандықтан да Иса біздің күнәларымыз үшін өз өмірін құрбан ете алды. _____
9. Иса мен үшін өз жанын пида етті. _____
10. Тозақ оты мәңгілік сөнбейді. _____

№ 8 тексеру жұмысы

1. Жер бетіне келіп, барлық адамдардың орнына Өзі құрбан болу үшін Иса көктегі барлық байлықты тастап кетті. _____
2. Иса Өзіне балалардың келгенін қалайды. _____
3. Бай адам Құдайдың заңын әрдайым орындадым деп есептеді. _____
4. Байлар мәңгілік өмірді ақшаға сатып ала алады. _____
5. Бай жігіт Исаның жанынан өзін бақытты сезініп кетіп қалды. _____
6. Иса үшін барлығынан да бастартқандар осы өмірде және болашақта да лайықты сый-тартуларын алады. _____
7. Иса Жақып пен Жоханға олардың Өзінің оң және сол жағында отыратынына уәде берді. _____
8. Иса жер бетіне біз үшін өмірін құрбан етуге келді. _____
9. Иса зағип адамға тамақ сатып алуға ақша берді. _____
10. Егер мен құтқарылғым келсе еңбек етіп, Құдайдың алдында күнәларымның борышын толықтай өтеуге тиіспін. _____

№ 9 тексеру жұмысы

1. Есекке мініп Иерусалим қаласына кіргенде, Иса ежелде алдын ала айтылып кеткен пайғамбарлық сөзді жүзеге асырды. _____
2. Иса Иерусалимге келгенде халық: «Патша мадақталсын! Жаратқан Иенің атынан келе жатқан (Патша) жарылқанған!» деп айқай салды. _____
3. Иса Өзіне сенім артпағандарды соттайтын болады. _____
4. Израил жеміс бермеген інжір ағашына ұксады. _____
5. Халық ғибадатхананы байытын орынға айналдырғанда Иса бақытты болды. _____
6. Біз мінажат еткен кезде оны міндетті түрде сеніммен істеуге тиіспіз. _____
7. Иса діни қызметкерлерге барлығын қандай билікпен істегенін айтып беруден бас тартты. _____
8. Өзінің рухани Ұлын өлімге бергені үшін Құдай адамдарға жазасын тартқызады. _____
9. Иса Патша ретінде жер бетіне қайта оралған кезде Оған сенім артуға уақыт жеткілікті ұзақ болады. _____
10. Иса бізге Құдайдың иелігіндегіні Оған беруге тиіс екенімізді үйретті. _____

№ 10 тексеру жұмысы

1. Иса өлімнен қайта тірілу болады деп үйретті. _____
2. Құдайдың басты өсиеті бізге «Өзіңді қалай сүйсең, маңайындағы адамды да солай сүй!» дейді. _____
3. Мәсіх - Дәуіттің ұрпағы және Құдайдың рухани Ұлы. _____
4. Кейбір адамдар әдейі көзге түсу үшін ұзақ мінажат етіп, ал жарлы мүсәпірлердің қолындағы барын білдіртпей тартып алады. _____
5. Бейшара жесір әйел Құдайға өзінде бардың бәрін де берді. _____
6. Құдайдың рухани Ұлы болашақта не болатынын біледі. _____
7. Мәсіх келгенге дейін барлық адамдар Оның шәкірттерін жақсы көретін болады. _____
8. Иса екінші рет жер бетіне келердің алдында көктен белгілер болады. _____
9. Иеміз Исамен бірге Құдайдың періштелері де келеді. _____
10. Исаға шын жүректен сенушілер Оның қашан қайтып келетінін біледі. _____

№ 11 тексеру жұмысы

1. Яһуда Исаның дұшпандарына көмектесуге келісті. _____
2. Бір әйел Исаның басына аса құнды иісмайды құюы арқылы өзінің Исаға деген сүйіспеншілігін көрсетті. _____
3. Соңғы кешкі аста Иса нанды алып шәкірттеріне: «Алып жеңдер, бұл менің денем», - деді. _____
4. Петір Исаға: «Бәрі безіп кетсе де, мен олай етпеймін!» - деді. _____
5. Иса бақ ішінде Әкесіне мінажат етіп сиынды. _____
6. Исаны қатты жақсы көргендіктен Яһуда Оның бетінен сүйді. _____
7. Басты діни қызметкер Исаны ешқандай жамандық жасамаған деді. _____
8. Иса Өзінің Яһудилердің Патшасы екенін Пилатқа растады. _____
9. Халық соттан Исаны босатып жіберуін сұрады. _____
10. Иса Мәсіхті өзінің Құтқарушысы деп қабылдамағандар күнәлары кешірілместен өледі. _____

№12 тексеру жұмысы

1. Жасақшылар Исаны келекеледі. _____
2. Шимон Исаға айқыш ағашты арқалап алып жүруге көмектесті. _____
3. Исаның айқышқа шегеленіп, ілініп тұрғанын көргенде діни қызметкерлер өз істегендеріне өкінді. _____
4. Сағат үште Иса қатты дауыстап жіберіп, жан тәсілім етті. _____
5. Сол кезде киелі үйдегі шымылдық жоғарыдан төменге дейін қақ айырылып, екіге бөлінді. _____
6. Тіпті Құдайдың Өзі Исаны жалғыз қалдырды. _____
7. Жүсіп есімді адам Исаның мәйітін қабірге апарып қойды. _____
8. Исаның мәйіті әлі күнге дейін қабірде. _____
9. Иеміз Иса шәкірттеріне бүкіл жер бетіндегі күллі адамдарға барып, Өзі жайлы Ізгі хабарды жариялауға бұйырды. _____
10. Иеміз Иса қазір көкте, бірақ әлі де Өзінің қызметшілерінің еңбегін растап қолдауда. _____

Осы тексеру жұмысын орындап болғаннан кейін, келесі беттегі мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Иса неліктен өлді?

Марқа жазған Изгі хабардан біз Исаның Құдайдың рухани Ұлы, Оның мүлтіксіз Қызметшісі екенін көрдік, Ол әрдайым Құдайдың еркін орындады.

Адамдар Құдайды танып-білулері үшін, оларға Құдайдың сүйіспеншілігін ашып білдіру үшін Иса көктен жер бетіне келді. Құдай Өзінің сүйіспеншілігін барлық адамдарға ұсынады, сондықтан да Иса барлық жерлерге барып адамдарға көмектесіп, ауруларды сауықтырды. Оның өлгендерді қайта тірілтуге және көптеген халықты тойындыруға билігі болды. Ол барлық адамдарға Құдайдың ақиқат шындығын үйретіп, тәлім бергенді ұнатты. Ол халыққа күнәларының кешірілгенін қалай білуге болатынын және көктегі - Құдай Патшалығындағы, мәңгілік өмірді қалай мұралауға болатынын түсіндірді.

Көптеген адамдар Исаны жақсы көрді, ал Таурат заңының мұғалімдері өздерінің шектен тыс өзімшіл, тәкаппарлықтарына бола Оны жек көрді. Сондықтан да олар Исаға сұрақ қойып, қулықпен арандатып, Оны өлімге кескілері келді. Пилат Исаны босатып жібермек болғанда, олар Оны айқышқа керіп шегелеу қажет деп айқай салды. Исаны келекелеп, мазақтап, қорлады.

Құдай Өзінің рухани Ұлына адамдардың осылай істеуіне қалайша жол берді? Бұл Исаның күнәларына бола емес еді, өйткені Ол мүлтіксіздігімен айрықшаланды. Жан тәсілім етер алдында Иса қатты дауыспен айқайлап: «Құдайым, Құдайым? Неліктен мені жалғыз қалдырдың?» - деді. Иса Өзіне соншама мұқтаж болған кезде неліктен Құдай Оны

тастап кетті?

Осы сұраққа жауап беруге тырысайық. Исаның адамзаттын күнәсі үшін құрбан болғанын біз білеміз. Алайда күнә деген не? Әуел баста, жерді жаратқаннан кейін Құдай Адам ата мен Хауа анаға бір ағаштың жемісін жемеуге бұйырды.

Бірақ та олар Құдайға бағынбай, күнәға батты. Сонда Құдай күнә жасағандарына бола адамдарды құтылып кете алмайтын күмәнсіз өлім күтіп тұр деді.

Құдай бізді жаратты. Сондықтан да Оның бізге не істеуге тиіс екенімізді айтуға құқығы бар. Киелі жазбаларда Ол сол туралы бізге мәлімдеген. Құдайдың заңын бұзу күнә болып табылады, ал күнәнің жазасы — өлім. Адамдардың барлығы да күнәға батты және барлығы да өздерінің күнәлары үшін өлуге тиіс.

Алайда Құдай ештеңеге қарамастан бізді сүйеді және бізге мәңгілік өмір бергісі келеді. Сондықтан да Ол ешқандай күнә жасамаған Өзінің рухани Ұлы Исаны біздің орнымызға құрбан болуға жіберді. Көптеген адамдардың өміріне қарағанда Құдайдың рухани Ұлының өмірі әлдеқайда құнды. Сол себепті Иса адамдар үшін өз өмірін құрбан еткенде Құдай көптеген адамдарға кешірім берді.

Иса біздің құтқарылуымыз үшін қажеттінің бәрін орындады, сондықтан да бұған қатысты бізге ештеңе істеудің қажеті жоқ. Құтқарылуымызды қабылдау үшін біз тек Исаға сенімімізді артуға тиістіміз. Құтқарылу үшін ақша төлеудің немесе суға шомылу рәсімін орындаудың тіпті де қажеті жоқ. Құдай Өзінің рухани Ұлына сенім артқандардың бәріне мәңгілік өмірді сыйлайды.

Ал енді сіз не істейтін боласыз?

Сіз барлық он екі сабақты және Марқа жазған Ізгі хабарды түгелдей оқып шықтыңыз. Әрбір тексеру жұмысындағы он сұраққа жауап та бердіңіз.

Сіз Құдайдың мүлтіксіз Қызметшісі — Исаның ешбір күнәсі болмағанын, алайда сіздің жасаған күнәларыңыз үшін құрбан болғанын біліп алдыңыз.

Осылардың барлығы туралы сіз не ойлайсыз?

Төмендегі сұрақтарды оқып шығып, жауап берсеңіз екен. Егер сұрақтардың өз өміріңізге қатысы бар деп есептесеңіз, сызықтың үстіне «ИӘ» деп жазыңыз.

1. Мен Исаның Құдайдың мүлтіксіз Қызметшісі екенін көріп тұрмын. _____
2. Оның барлық адамдардың күнәлары үшін құрбан болғанын мен білемін. _____
3. Мен Өзімнің күнәкар екеніме және Исаның мен үшін құрбан болғанына сенемін. _____
4. Мен бүгіннен бастап Исаны өзімнің Құтқарушым деп қабылдаймын. _____
5. Мен Құдайға күнәларымды кешіріп, маған мәңгілік өмір сыйлағаны үшін алғыс айтамын. _____

Неліктен өзіңіздің көктегі, яки Құдай Патшалығындағы, мәңгілік өмірді мұралаймын деп ойлайтыныңызды жазбаша түсіндірсеңіз екен.

Осы жерге бізден жауап алғыңыз келетін, өзіңізді толғандырып жүрген кез келген сұрақтарыңызды жазғаныңыз жөн.

Тексеру дәптеріндегі барлық сұрақтарға жауап беріп, оны төменде көрсетілген мекенжайға салып жіберіңіз.

Өтініш! Егер мүмкін болса тексеру жұмысын салған конвертке марка жапсырылып, өз мекенжайыңыз жазылған бос конвертті не маркаларды салып жібергеніңіз жақсы болар еді. Бұл тексерілген жұмысыңызды өзіңізге кері қайтару үшін қажет.

Свет на востоке

“Эммаус”

а/я - 68

г. Алматы

КАЗАХСТАН

050031

e-mail: emmaus-ca@eemail.org

